

Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуді өткізуге және аккредиттеу туралы куәлікті беруге арналған өтініштің нысанын және аккредиттеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылғы 29 қарашадағы № 02-02-18/222 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 26 желтоқсанда № 7349 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 121 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.11.2014 № 121 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 23-бабының 14-1)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 1288 қаулысымен бекітілген Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу қағиданың 5-тармағының 1)-тармақшасына, 9 тармағына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуді өткізуге және аккредиттеу туралы куәлікті беруге арналған өтініштің нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу туралы куәліктің нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 19 ақпандағы № 06-2-2/51 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 наурызда № 2730 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 ж., № 13-16, 917 - қ ұ ж а т жарияланған);

2) «Дене шынықтыру және спорт саласындағы республикалық қоғамдық

бірлестіктерді аккредиттеуден өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 19 ақпандағы № 06-2-2/51 бұйрығының 1-тармағының 1)-тармақшасы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 29 наурызда № 6850 болып тіркелген, 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 144-145 (26565-26566) «Казахстанская правда», 2011 жылғы 2 мамырдағы № 184-185 (26587) «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

2. Стратегиялық даму департаменті (Д.Ү.Қамзебаева) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Әкімшілік жұмыс департаменті (Ғ.Т. Әбілова) осы бұйрықтың:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын;

2) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрі М.Е.Омаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін

атқарушы

Ә. Пірметов

Қазақстан

Республикасы

Туризм

және

спорт

министрінің

міндетін

атқарушының

2011

жылғы

29

қарашадағы

№

02-02-18/222

бұйрығына

1-қосымша

Нысан

Кімге

(дене

шынықтыру

және

спорт

жөніндегі

уәкілетті

орган

басшысының

лауазымы,

тегі,

аты - жөні)

Кімнен

(Республикалық

қоғамдық

бірлестік

басшысының немесе өкілінің тегі, аты-жөні)

(мекен-жайы, телефоны, электрондық поштасы)

**Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді
аккредиттеуді өткізуге және аккредиттеу туралы куәлікті беруге арналған
ӨТІНІШ**

Сізден _____
(Республикалық қоғамдық бірлестіктің атауы)

аккредиттеуді өткізуді және аккредиттеу туралы куәлік беруіңізді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілді:

1) бірлестіктің құрылтай құжаты мен заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірлемелері (шынайылығын тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылған кезде) немесе олардың нотариалды расталған көшірмелері;

2) бірлестіктің Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан көбінің аумағында орналасқан филиалдарының ережесі мен оларды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмелері (шынайылығын тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылған кезде) немесе олардың нотариалды расталған көшірмелері;

3) спорт түрлері бойынша бағдарламаларды іске асыруға бірлестіктің қ а т ы с у ы т у р а л ы а қ п а р а т ;

4) дене шынықтыру және спорт салаласындағы мамандануы бойынша жоғарғы кәсіби немесе орта кәсіби білімі бар білікті кадрлардың бар екендігі туралы дипломдардың көшірмелері;

5) спорттық секциялар, клубтар, топтар саны және оларда осы спорт түрімен шұғылданатындар саны туралы ақпараттық анықтама.

М.О. _____

(қолы) (тегі, аты-жөні)

« ____ » _____ 20__ жыл

Өтініштің түскен күні " ____ " _____ 20 __ ж.

Тіркеу нөмірі _____

(жауапты тұлғаның қолы, тегі, аты-жөні)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Туризм және спорт министрінің
міндетін атқарушының

2011 жылғы 29 қарашадағы
№ 02-02-18/222 бұйрығына

2 қосымша

Нысан

Елтаңба

**Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді
аккредиттеу туралы
КУӘЛІК**

З а ң д ы т ұ л ғ а н ы ң а т а у ы

З а ң д ы м е к е н - ж а й ы

(дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның атауы)

_____ республикалық қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының атынан _____
_____ тиісті халықаралық
(с п о р т т ү р і)

ұйымдарға қатысушы болу _____
(Республикалық қоғамдық бірлестіктің атауы)

_____ мәртебесін, құқықтары мен өкілеттіктерін растайды.

(20__ жылғы «__» _____ № _____ бұйрық)

Куәлік 20__ жылғы «__» _____ дейін қолданылады.

Сериясы: № _____

Берілген күні: _____

Астана қ.